ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

42-ші Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

2-КІТАП

# ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ

**МАТЕРИАЛЫ**
42-й Международной научно-методической конференции

КНИГА 2

## МАЗМҰНЫ

**2 Секция. ОҚУ ҮДЕРІСІН ОҚУЛЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ДАЙЫНДАУ**


**Әсембаева Б.О.** Болашақ баспагер – редакторларды дайындаудың ғылыми және шығармашылық бағыттағы мәселелері 3

**Бөрібаев Б.** Электрондық оқу құралдарын жасау және пайдалану – заман талабы 6

**Данаев Н.Т., Боранбаев С.А.** О современных электронных обучающих технологиях 9

**Есбосынова А.Б.** Жоғары оқу орындарын қазақша оқулықтармен қамтамасыз ету жолдары 13

**Жубанова А.А., Акимбеков Н.Ш.** Создание учебных пособий на казахском, русском и английском языках – реальный путь к подготовке современных специалистов 16

**Исабаева Б.К.** Оқушы-жастардың өздік жұмысын ұйымдастыруда электронды оқулықтарды пайдаланудың мүмкіндіктері 18

**Қартаева Т.Е.** Мамандарды даярлауда электронды оқулықтарды пайдаланудың маңызы 21

**Қоданова С.Қ., Төреханова Қ.М.** Физика саласында жоғары кәсіби білім беру мақсатында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану 23

**Қоқанбаев Ә. Қ., Тәжібаева С.М., Мұсабеков Қ.Б.** Жоғары оқу орындарын қазақша оқу құралдарымен қамтамасыз етіп, оқу сапасын арттырудағы терминологиялық және түсіндірме сөздіктердің маңызы 26

**Майкотова Ғ.Т.** «Қазақстандағы кітап басу ісінің негіздерін» оқытудағы әдістемелік жүйелер 29

**Сейтнұр Ж.С.** Мемлекеттік тілде кітаптармен қамтамасыз етудің психологиялық мәселелері 32

**Смағұлов С.** «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда көркем әдебиетті пайдалану 35

**Таирова Н.Н.** Создание электронного учебника в рамках дисциплин «ИС в науке и образовании» 38

**Тунгатаров Н.Н.** Методика создания электронных учебных изданий в системе CourseLab 43

**Жұманов К.Б.** «Атомдық физика» пәні бойынша біріңғай оқу-әдістемелік құралдар жинағын жасалуы және оны оқу процесінде қолдау тәжірибесінен 49

**Жамалбеков Е.Ү.** Студенттерге оқулықтармен оқу құралдарын жазу-дәріс беретін ұстаздар міндеті 52

**Құмарғалиева С.Ш.** «Беттік құбылыстардың физика-химиясы» атты электрондық оқу құралының ерекшеліктері 54

басшылықтың тапсырған кітабын шығарамыз, ал ол кітапты халық оқи ма, оқымай ма — ешкім ескеріп отырған жоқ. Айталық, бір автордың кітабы қайта-қайта шығады да тұрады, оқылмай, дүкен сөрелерінде өтпей. Ал, керісінше, жұрт іздейтін кітаптарға тапсырыс берілмеген соң шықпайды. Осы енді ақылға сыйымды ма? Қағаз, бояу, соған кеткен еңбекке обал емес пе? Міне, сондықтан да мен бір жүйеге бағыну керек те емес, керісінше, дербестік керек дегенді құптаймын» /4/.

Кітапхана мен баспалар неге маманға зəру? Себебі онда жалақы аз, ешкімнің ол жерлерде жұмыс істегісі келмейді. Неге аз, өйткені олар бір жүйеге бағынады, нарыққа жұмыс істеп, мол табысқа кенеліп жатқан жоқ. Кітапханалардың қалқайып тұрғаны да — сол, қолында билігі мен қаржысы жоқ, қаржысы болса, баспаларға өзі барар еді, солайша баспаларды да дамытар еді. Яғни бұдан шығатын қорытынды қандай, баспалар мен кітапханалардың өзіне дербес күн көруі үшін жағдай жасау керек. Қазақ тілі де, қазақ баспасөзі де өлмейді, уақытша қиналуы мүмкін, бірақ бəсеке болып, қайта ішінен мықтылары жеңіп шығады. Əрине, бұл тағы да Ғарифолла Əнестің пікірі. Біздің оған қосатынымыз тек қана əлемдік дңгейдің кітап басу ісінен үлгі алып, бəсекеге қабілетті автор бола білу.

Пəнді оқыту барысында студенттерге кітап басу ісінің түрлі проблемаларын қозғайтын фактілер келтіріліп, презентациялар көрсетіледі. Дəрістер слайд түрінде беріліп, компьютерлік бағдарламалар арқылы студенттерге тапсырмалар беріледі. Белгілі бір проблемалар төңірегінде жобалар жасалып семинарлар өткізіледі. Лабораториялық жəне семинар сабақтарында рөлдік ойындар ойналады. Мысалы, баспа ісіндегі кітап тарату ісін дамыту үшін қандай проблемаларды шешу керек? Сондай-ақ, осы мəселе төңірегінде дөңгелек-үстелдер ұйымдастырылып, пікірталастар жасалады. Сабақтың нəтижесінде ойды шыныктыру үшін түрлі лингвистикалық тапсырмалар беріліп, кейстер таратылады. Осы тақырыпқа байланысты тест сұрақтары ұсынылып, жедел-жауаптар алынады. Көбінесе, студенттердің негізгі қызығушылықтары рөлдік ойындарға бағытталады. Рөльдік ойындарда болашақ мамандықтың қыр-сырын меңгеруге деген жаңа мүмкіндіктер ашылады. Мысалы, студенттер баспа редакторы, оның орынбасары, редактор, жауапты хатшы, автор, оқырман ретінде рөлдерде ойнайды. Қолжазбаны редакциялық өңдеуден өткізіп, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін талдайды, оған рецензия жазып үйренеді. Бұл оқу-əдістемелік жүйелер қолжазба даярлауды маман ретінде игеруге көмектеседі.

**Əдебиеттер:**


1. Шөкіш А. Баспа көп, бірақ оқулық жетіспейді. // www.aorda.kz
2. Сенбаева А. Кітап өтпей ме, жетпей ме? //Алаш айнасы. 25 қыркүйек, 2010.
2. Омарова Б. Баспа ісі жəне кітап басу. Оқу құралы.2006. «Фолиант» баспасы.
3. Ең көп оқитын ел едік... // baigut-uko.kz.
4. М.Жагорқызы. Барлық кітапханалар мен баспаларды бір жүйеге бағындыру мүмкін бе? //Алаш айнасы. 28 қазан, 2011.


## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ КІТАПТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МƏСЕЛЕЛЕРІ


***Сейітнұр Ж.С.***

Əл-Фараби атындағы ҚазҰУ

seitzharas@mail.ru


Осыдан жиырма екі жыл бұрын, яғни 1989 жылы қабылданған тұңғыш «Тіл туралы» Заңда қазақ тіліне Қазақстандағы мемлекеттік тілі мəртебесі берілген еді. Содан бері əлі мемлекеттік тіл мəселесі күн тəртібінен түспей келе жатыр. Қазақ тілінің мемлекеттік мəртебесі болғандықтан, ол еліміздің барлық жерінде қолданылатын тіл болуы тиіс еді. Алайда жаңа лингвистикалық саяси шындықты қабылдаудың өзі үлкен психологиялық проблема болды. Қазақ тілін жаңғырту мəселесі тек қана қазақ халқына қатысты жай еместігін ұғыну үшін біртлай уақыт керек болды. Сондай-ақ, қоғамдық өмірдің барлық саласында мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасауға қажетті бірнеше нормативтік-құқықтық құжаттар қабылданды. Атап өтсек: Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 жəне 93-баптары; «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; ҚР Президентінің 2010жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму